

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты), «6D020500 – Филология» (8D023-Тілдер және әдебиет) мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның  
«Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» тақырыбына жазылған диссертациялық тақырыбына жазылған диссертациясының қолжазбасына

### ШІКІР

Ғылым мен білімнің жаһандануына байланысты студенттерге, магистранттар мен докторанттарға академиялық мәтін түрлерін жазу үшін арнайы білім керек екендігі бүгінгі таңда айқындалып отыр. Білім беру сатысының бакалавриат деңгейінде оқитындарға арналған «Орфография және пунктуация негіздері», «Сөзтану ғылымының көкейкесті мәселелері», «Қазіргі қазақ әдеби тілінің өміршендігі», «Тіл және сөз мәдениеті», «Шешендік өнер» пәндері «Академиялық жазылым» курсының алғышарттары бола алады. Аталған пәндердің түпкі мақсаттары білімгерлердің дұрыс жазу машығын қалыптастыруға бағытталғанымен, белгілі бір дәрежеде «Академиялық жазылым» пәнінде қалыптасатын құзіреттіліктерді толық бере алмайды.

Академиялық жазылымның басты мақсаты сауатты ғылыми мәтін құрастыру және ол күрделі және баяу дамитын құзіреттілік кешені болғандықтан, ғылыми мәтін жазу дағдылары бакалавр бөлімінен бастап қалыптастырылуы тиіс. Бакалавр бөлімінің студенттерінің жазатын эссе, реферат, ғылыми жоба, мақала сияқты түрлерін жазуда, студенттердің жазба жұмыстарын ұйымдастыруда академиялық жазылым талаптарының сақталуы басты назарда болуы тиіс. Зерттеу жұмысындағы бакалавр бөлімінің студенттерімен өткізілген тәжірибе нәтижелері оқу орындарындағы жазба жұмыстарының іске асырылудың деңгейін көрсетеді, мәселерін анықтайды және академиялық жазылым дағдыларын іс жүзінде қалыптастырудың бағыттарын анықтауға ықпал етеді және осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдірудің, модельдеу арқылы игертудің ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты академиялық жазылым түрлерін жіктеу және академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау негізінде модельдеуге бағытталғандықтан, келесі міндеттер қойылды:

- академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда қалыптасып, дамуын, зерттелуін саралау;
- ғылыми коммуникациядағы академиялық жазылым жанрларын жазу және жариялау ережелеріне шолу жасау;



- академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасы, плагиат мәселелерінің туындау себептерін айқындау;

- академиялық мәтін жанрларының түрлерін талдау және топтастыру;

- академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеудің жолдарын көрсету;

- эссе жанрын практикалық саралау және модельдеу;

- академиялық жазылым дағдыларын меңгертудің практикалық деңгейін зерттеу, саралау, нәтиже негізінде модельдеу.

Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеу нәтижесінде, академиялық мәтін жанрларын топтастыру, модельдер құрастыру және зерттеу аясында өткізілген тәжірибелер негізінде және міндеттерді шешу барысында тұжырымдалды. Диссертант ғылыми-зерттеудің эмпирикалық әдістерін, анализ, синтез, индуктивті және дедуктивті әдістерді, сандық және сапалық зерттеу әдістері жартылай құрымдалған интервью және сауалнама, кестелік талдау әдісі, тақырыптық талдау әдісі және Excel және AtlasTI бағдарламасын өз жұмысында қолдана отырып, ғылыми нәтижелер мен тұжырымдарын сәтті негіздей білген.

Әлемдік ғылыми қоғамдастықта академиялық этика мәселелері академиялық жазылымның ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылады және батыс елдерінің жоғары оқу орындарында академиялық адалдық талаптары қатаң сақталады. Зерттеу жұмысында ұсынылған тәжірибе нәтижесі еліміздің жоғары оқу орындарындағы академиялық этика мәселелерін анықтап, академиялық алаяқтықтың алдын алуға ықпал етеді.

Академиялық мәтіндер көлемі, құрылымы жағынан бірнеше құрылымдық бөліктерден тұрып, күрделі болып келеді, сондықтан мәтін құру барысында модельдің құрамдас бөліктерінің санын неғұрлым азайтуға тырысу керек. Модельдің құрамдас бөліктерінің санын азайту тек модельді көзбен көріп қабылдауда жеңіл болып қана қоймайды, сонымен қатар, түпкі мақсатқа жету барысында атқарылатын әрекеттердің санын азайтады. Демек, мәтін модельдеудің маңызды талабы - модельдің қолдануға жеңіл, ыңғайлы болуы. Зерттеу жұмысында ұсынылған модельдер профессор Құдайбергелі Жұбановтың сызбалы моделіне негізделі отырып, академиялық мәтіннің құрылымдық-мазмұндық, стильдік және жанрлық ерекшеліктерін басшылыққа алғандықтан, қолдауға жеңіл, түсінікті етіп құрастырылған.

Диссертант жұмысында академиялық мәтін жанрларына жеке-жеке тоқталып, әр мәтін түрінің құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасалады. Академиялық мәтін жанрларының ғылыми мақала, эссе, ғылыми жоба, реферат, конспект сияқты түрлерінің құрылымы толығымен сипатталады. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу негізінде академиялық мәтін жанрлары топтастырылып, 18 модель даярланды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының 8D02301-«Филология» БББ-ның докторанты Молдабаева Карлығаш



Ерғазиевнаның «Академиялық жазылымды модельдеудің теориясы мен практикасы» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын аяқталған жұмыс ретінде бағалап, диссертациялық кеңеске қорғауға лайық, ал оның авторы 8D02301-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми жетекші,**

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, профессор, ф.ғ.к.

Оданова С.А.



ДҰРЫС
HR қызметінің
Сас менеджері
* АМАНЫ
Күні «    »    20    ж.